



# Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Сапар

### Аудан дамуында серпін бар



**Аймақ басшысының тапсырмасымен облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов ауданға жұмыс сапарымен келіп, аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов және тиісті сала басшыларымен бірге бірқатар нысанды аралады. Алдымен елді мекендердегі жол құрылысымен және пайдалануға берілген және қайта жаңғыртудан өткен ғимараттардың қазіргі жай-күйімен танысты.**

Шыны керек, соңғы жылдары ауданда жол сапасын жақсартуға айтарлықтай басымдық берілді, сапасы сын көтермейтін елді мекендердегі ішкі көшелер орташа және күрделі жөндеуден өтті. Алдымен Аққум ауылдық округіне айдаған Данияр Жаналинов ауылдағы ішкі көшелердің жай-күйімен танысты. Соңғы жылдары Аққумда жол құрылысы қарқын алып, елдің талап-тілегі орындалды. Ауылдың ішкі көшелерінің жалпы ұзындығы 14 шақырымды құрайды. Мұнда 2023-2024 жылдары 10 көше күрделі жөндеуден өткен. Жобаның жалпы құны – 457,1 млн теңге. Жыл сайын өңірде денсаулық сақтау саласына да айрықша көңіл бөлініп келеді. Бұған дейін ауыл тұрғындарының денсаулығы сыр берсе, дәрігерге тексерілуі, дереу ем алуы қиындық келтіреді. Бүгінде шалғай ауылдағы ағайынның да сапалы медициналық көмекке қол жеткен, яғни ауылдарда жаңа емханалар бой көтеріп, арнайы көлікпен, білікті маманмен қамтылған. Нақтырақ айтсақ, тұрғындардың мұқтажындағы ескерген жергілікті билік 2023 жылы ауданға қарасты Мырзабай ахун, Есет бауыр ауылында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы ая-

сында дәрігерлік амбулатория салып, ел игілігіне табыстаған болатын. Дәл осындай медициналық ғимарат былтыр Қаракеткен ауылында да ашылып, бүгінде елге қызмет етуде. Ауданға арнайы келген облыс әкімінің бірінші орынбасары мұнан кейін Таң ауылдық округі мен Қаракеткен ауылына аялдады. Басты мақсат – ауыл тұрғындарының денсаулығы үшін салынған жаңа дәрігерлік амбулаторияның жұмысымен танысу. Ол ең әуелі «Ауыл – ел бесігі» жобасымен 2022 жылы 140 млн теңгеге салынған Таң ауылдық округіндегі емхананың, мұнан кейін Қаракеткен ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның қызметімен танысты. Қаракеткен ауылында бүгінде 1500-ге жуық тұрғын бар. Елді мекендегі емдеу нысаны осыдан бірнеше жыл бұрын салынған. Ғимарат ішінде тіркеу орны, қабылдау кабинеті, физиотерапиялық емдеу кабинеті, дәріхана пункті, қақырмалы қоршау кабинеті, лфк залы, оқшаулау бөлмесі, егу кабинеті, жүкті әйелдерді қарайтын кабинет, ерлер мен әйелдерге мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жуыну бөлмелері бар. Мұнда 1 жалпы тәжірибелі дәрігер, 1 күндізгі бөлім дәрігері, 1 акушер, 7 мейіргер, 3

кіші аяжан және 1 жүргізуші мен 5 қарауыл бар. Тұрғындар жыл сайын онкологиялық аурудың алдын алу мақсатында жас ерекшеліктеріне қарай скринингтік талдау, флюорографиялық және маммографиялық тексеруден өтіп тұрады. Сондай-ақ 3 ай сайын аудан орталығындағы узи, лор, окулист, хирург, гинеколог мамандарының барлығы тұрғындардың денсаулығын қадағалайды. – Облыс әкімінің қолдауымен ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту және медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру мақсатында ауданда жаңа амбулаториялар ел игілігіне пайдалануға берілді. Бұл – Мемлекет басшысының ауыл халқына тағар ерекше қамқорлығының айқын көрінісі. Халыққа сапалы қызмет көрсету – басты міндеттің бірі. Осы ретте емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасын күшейтіп, ауыл тұрғындарына қызмет көрсету деңгейін арттыру қажет, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары. Былтыр Жалағашта жарқын жобалар жүзеге асты. Аудан орталығында Мемлекет басшысының тапсырмасымен және аймақ басшысының қолдауымен «Руханият» орталығы бой көтерді. Жұмыс сапары мұнан өрі бірнеше мекеменің басын бір арнаға тоғыстырған бірлік ордасында жалғасын тапты. Бұл ғимаратта музей, кітапхана, архив, неке кіме залы, сондай-ақ ардагерлер мен аналар кеңесі, жастар орталығы, азаматтық қоғам өкілдері, тарихи-мәдени ұйымдар бірліктері Өртүрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелер орталыққа бірігу арқылы ұттық құндылықтар мен салт-дәстүрімізді кеңінен дәріптеп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Азаматтарымызды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесіне бірінші кезекте назар аударылады» деген болатын. Осы ретте былтыр «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы аясында халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік жағынан осал топ санатындағы 111 отбасыға жаңа баспана кілті табысталған. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету – мемлекеттің басты міндетінің бірі. Ауданда халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына тұрғын үй қорынан 2020 жылы 10 тұрғын үй, 2021 жылы 20 тұрғын үй, 2023 жылы 51 тұрғын үй сатып алынған. Ал былтыр 56 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, 111 отбасы баспала болды. Тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар арасында көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар, мүгедектің бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар да бар. Облыс әкімінің бірінші орынбасары іссапар барысында осы тұрғын үйлерді де назардан тыс қалдырмай көріп шықты. Жаңадан салынған пәтердің алаңы 80 шаршы метрді құрайды. Үйдің ішінде 2 жатын бөлмесі, қонақ бөлмесі мен ас үй және жуынатын бөлме бар. Иә, бүгінде ел игілігіне пайдалануға берілген әлеуметтік нысандар халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуде. Ауданға арнайы жұмыс сапарымен келіп, ауылдардың тыныс-тіршілігімен танысқан облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Сезім НҰР

## Мерей

Кеше аудан әкімінің міндетін атқарушы Ғани Сүлейменов аудандық мәслихат депутаты, тәжірибелі педагог Құрманбаева Гүлзат Ердәулетқызын қабылдап, аудан әкімінің атынан 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтады. Жиында Ғани Кенжеғараулы ағарту саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ұлағатты ұстаздың еңбек жолына тоқталып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудегі жемісті еңбегі үшін алғысын білдірді.

### Мерейтой иесіне құрмет көрсетті



– Сіздің терең біліміңіз, жоғары жауапкершілігіңіз бен кәсіби біліктілігіңіз – әріптестеріңізге үлгі. Еліміздің болашағын қалыптастыратын ұстаздардың кәсіби дамуына және білім саласының өркендеуіне қосқан үлесіңіз үшін алғыс білдіреміз. Бүгінде аудандық мәслихат депутаты ретінде халық сенімін ақтап, өңірдің өзекті мәселелерін шешуге белсенді атсалысып келесіз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, қызметіңізге табыс тілеймін, – деді Ғани Сүлейменов. Гүлзат Ердәулетқызы – саналы құмырын білім саласына арнаған білікті ұстаз. Еңбек жолын туған жерінде бастап, жас ұрпаққа сапалы білім мен тәлімді тәрбие беруге айрықша үлес қосты. Аудандық білім бөлімін басқарып, саладағы жүйелі жұмыстардың жандануына, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының нығаюына және педагогтердің кәсіби әлеуетінің артуына ықпал етті. Қазіргі таңда аудандық мәслихат депутаты ретінде әрбір жобаның сәтті жүзеге асуына белсенді араласып, өңірдің дамуына үлес қосып келеді.

## Кеңес

### Инвестициялық ахуал жақсарады



Кеше аудандық мәслихат аппаратында аудан прокуроры Талғат Елеубайұлының төрағалығымен инвестициялық жобаларды сүйемелдеу және инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелеріне арналған кездесу өтті. Іс-шараға аудан әкімінің міндетін атқарушы Ғани Кенжеғараулы, уәкілетті мемлекеттік органдардың басшылары, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асырушы кәсіпкерлер мен компания өкілдері қатысты.

Кездесуде мемлекеттік органдар тарапынан инвестициялық ахуалды жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат беріліп, жобаларды іске асыру кезінде туындайтын өзекті мәселелер жан-жақты талқыланды. Жалпы құны 51 млрд теңгеге құрайтын ірі инвестициялық жоба аясында швейцариялық «Harvest Agro Holding» компаниясының өкілі Ж.Саянұлы жобаны жүзеге асыру барысында туындаған мәселелер мен ұсыныстарын жеткізді. Өз кезегінде жауапты мемлекеттік органдар тарапынан нақты түсіндірмелер беріліп, мәселелерді тиімді шешу жолдары қарастырылды.

Жалпы аудандағы инвестициялық ахуал тұрақты түрде жақсарып келеді. 2025 жылы 4 инвестициялық жоба іске асырылып, 19 жаңа жұмыс орны ашылды. Ал 2026 жылы жалпы құны 12,1 млрд теңгеге құрайтын 6 жобаны жүзеге асыру жоспарланып, нәтижесінде 72 жаңа жұмыс орнын құру көзделуде. Жылы қорытындысында инвесторлардың құқықтарын қорғау, әкімшілік кедергілерді азайту және инвестициялық жобаларды сапалы сүйемелдеу бағытында тиісті тапсырмалар берілді. Прокуратура органдары тарапынан кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және бизнеске қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Сонымен қатар кәсіпкерлерге инвестициялық қызмет барысында туындайтын әкімшілік кедергілер немесе заңсыз әрекеттерге қатысты прокуратура органдарына жүгіну мүмкіндігі бар екені жеткізілді.

Е.СОЗАҚБАЕВ

## Еңбек адамы

### Трактор тізгіндеген ана

Жасыратыны жоқ, қазіргі қоғамнан жеңіл көлікпен жүйткіген қыз-келіншектерді көптеп кездестіресіз. Алайда трактор тізгіндеген нәзікжанды табу қиын. Трактор тізгіндеген әйел тек техникамен жұмыс істеп қана қоймай, дала төсінде тер төгіп, егін саласында еңбек етеді. Солардың қатарында отбасының берекесі болған, ауыл шаруашылығының дамуына да өзіндік үлес қосқан Жаңаталап ауылының тұрғыны Ақзира Журалиева да бар.

Өз заманында трактор тізгіндеп, ер азаматтармен қатар жұмыс істеген әкеліміз «еңбек еткеннің еңсесі биік» деген қағидамен 18 жасында тракторға отырған. Сондай ауыр жұмысты табандылықпен атқарған кейіпкеріміз – бүгінде бейнәтиң зейнетін көріп отырған бақытты әже. Дала жұмысына ерте араласып, еңбек бригадасында қызмет еткен ол «тракторшы болу – үлкен өнер» деп біледі. Таңның атысынан күннің батысына дейін тынбай тер төгіп, кең даланы дүбірлетіп, темір тулпарды қорықпай тізгіндегені әпесінде. Ол 1976 жылы мектеп бітіріп, Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық колледжде түсе алмай, ауылға қайтып келуге тура келген. Бастапқыда ауылда жеңіл жұмыстар жасап жүріп, кейін аудан орталығындағы қазіргі Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінде трактор айдап үйрену үшін 6 айлық курс оқып, 104 сом шәкіртақы алған. Кейіпкеріміз оқу бітіре салысымен көктемгі егіске араласып, ауылдағы егін даласында іс-тәжірибеден өткен. Ол ең алғаш Т-40 тракторын тізгіндегенін айтады. Шіліңгір шілденің ыстығына қарамай техникаға отырып, егін даласында еңбек етуден қашпаған кейіпкеріміз дала төсінде ауыр жұмысты өңсереді. Келіктің өскілігі мен жиі бузылатынына қарамай «еңбек өтсем екен» деген құлшыныспен жұмысқа ширақ болған. Ол екеуара диалог барысында әдеттегі жұмыс күнінің бірінде трактормен май тасып жүріп, арықтан өтіп бара

жатқанда кішкене қиындыққа тап болғанын еске алды. Айтуынша, тракторге жалғанған тіркемеде 4 тонналық бөшке май болған. Абайсызда тіркеме техникадан ағытылып, майдың азғантай бөлшегін төгіп алады. Қорыққанынан дереу көліктен жылдам түскен анамыз майдың аузын қатты бекітіп, жалғыз өзі тіркемені жалғап жұмысын қайта жалғастырған. Ол трактор бузылса, көбіне ер адамдар жағы жөндейтіндігі әл әйелдер тек техниканы тізгіндеумен айналысқанын айтады. Тансәріден көшке дейін егін даласында адал еңбек еткен ол артылған жауапкершіліктен қашпай, терісінше білік сыбана кіріскен. Еңбек жолында кездескен қиындықтарды қаймықпай жеңе білген анамыздың ерік-жігері мен қайсарлығы – көпке үлгі.



Нәзік қолымен трактор тізгіндеп, бесік тербеткен анамыз ауылда сауыншы әйелдер тапшы болуына байланысты құшағындағы баласы 4 айлық болғанына қарамастан сауыншы болып та ұзақ жыл жұмыс жасады. Кейіпкеріміздің жұмыс уақыты таңғы 5-те басталған. Ол азанғы сағат 5-тен 7-ге дейін арнайы құрылының көмегімен күніне 2 сағаттың ішінде 20-22 сиыр сауған. Айтуынша, Украина, Белоруссиядан келген сиырлар бір сағанда 18-20 литр сүт берген. – Күніне 20-дан астам сиырды арнайы құрылғының көмегімен 2 сағатта сауып бітіретінбіз. Бірде ауылда жаппай жарық өшіп қалып, 20 сиырды құрылғының көмегімен қолдан саууға тура келді. Қанша шаршасақ та 3 сағаттың ішінде өзімізге жүктелген жұмысты бітіретінбіз. Сүтті өткізіп болған соң бала-шағаның жағдайын жасап, тамағын пісіру үшін үйге келіп үй шаруасымен айналысамыз. Сиырларды күніне 2 мезгіл таңғы 5 пен 7-нің аралығында және кешкі 17:00 мен 19:00 аралығында сауатынбыз. Арасында үйге барып, бала-шағамыздың жағдайын жасап кетеміз. Үйдегі тіршілікті бітіріп, сиыр сауатын уақыт жеткенше бұзауларға да жем-шөп, суын беріп қарайтынбыз, – дейді ақжаулықты анамыз. Жастайынан еңбекке етене араласып, отбасы мен дала жұмысын қатар алып

Сезім НҰР

# Жәрмеңкеде бос жұмыс орындары ұсынылды



«Руханият» орталығында бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Бұл шара жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілердің басын қосып, екі тарапқа да тиімді мүмкіндік сыйлаған мазмұнды кездесу болды. Жәрмеңкеге аудан әкімінің міндетін атқарушы Ғани Сүлейменов қатысып, аудандағы жұмыссыздық деңгейін төмендету және тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту бағытындағы мұндай бастамалардың маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар алдағы уақытта да осындай жәрмеңкелердің тұрақты түрде ұйымдастырылып, халыққа қолдау көрсете беретінін жеткізді.

Мемлекет басшысының жұмыссыздық деңгейін төмендету жөніндегі тапсырмасына сәйкес ауданда тиісті жұмыстар атқарылуда. Бұл бағытта халықтың осал топтарына ерекше көңіл бөлініп, өшкім назардан тыс қалмайды. Сонымен қатар жеке қабылдауға келіп, өз ұсыныс-пікірлеріңізді білдіруге мүмкіндіктеріңіз бар, барлығы мұқият қаралады.

Бүгінгі бос жұмыс орындары жәрмеңкесі азаматтардың еңбекке орналасуына зор мүмкіндік беріп, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге өз септігін тигізеді деп сенеміз, – деді аудан әкімінің міндетін атқарушы Ғани Сүлейменов.

«Мансап» орталығының аудандық филиалы директоры Ғалымжан Телібаевтың мәліметінше, ауданда жұмыссыз-

дық деңгейін төмендету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Жыл басынан бері 127 адам тұрақты жұмысқа орналастырылса, 290 адам ақылы қоғамдық жұмыстарға жолданған. Жұмыссыздықтың жүгін жеңілдетуді мұрат еткен жәрмеңкеде 14 жұмыс беруші тарапынан 100-ден астам бос жұмыс орны көпшілік назарына ұсынылды.

Соның ішінде «Харвест Агро» компаниясы 87 тұрақты және маусымдық қызмет орнын ұсынып, еңбек іздеген жұртқа айрықша мүмкіндік сыйлады.

Швейцариялық компания жобасы үш кезеңнен тұрады. Алдағы уақытта тұрақты жұмысқа 55 адам, маусымдық жұмыстарға шамамен 50 адам тартылмақ. Нысан Қаракеткен ауылынан отыз шақырым қашықта орналасқандықтан вахталық тәсілмен еңбек етуге де мүмкіндік бар. Жоба аясында жаңбырлатып суару әдісі қолданылатындықтан, бұл көпшілікке жаңа мамандық болып көрінуі ықтимал. Қазіргі таңда мамандарды іріктеу жұмыстары жүргізілуде, ал жұмыс 15 сәуірде басталады деп жоспарлануда, – дейді компания өкілі Ғалымжан Ізтілеуов.

Жәрмеңке қорытындысында 25 азамат тұрақты жұмыспен қамтылып, нәсібін адал еңбектен табуға жол ашты. Қалған қатысушылар жұмыс берушілермен жүздесіп, жөн сұрап, бағыт-бағдар алып, түйіндемелерін табыстады.

«Тауыпбаев Ғ» ШҚ Мырзабай ахун елді мекенінде өз жұмысын бастағалы он жылға жуық уақыт өтті. Осында уақыт ішінде шаруашылық тұрақты дамып, бүгінде жиырмадан аса адамды жұмыспен қамтып отыр. Негізгі бағыты – егін шаруашылығы. Бүгінгі жәрмеңке аясында ұжым қатары тағы бір маманмен толықты. Суару ісіне жауапты су маманы жұмысқа қабылданды, – дейді Гүлжаухар Төлеміс.

Жәрмеңкеде өнді ғана дипломын арқаулаған жас та бар, бір қолымен бесікті, бір қолымен тіршілікті тербеткен кепбалаы ана да бар. Біразы маусымдық, қоғамдық жұмыстың өткізіліміне өтіп, тұрақты непақа іздеп келген.

Жалпы мұндай игі бастамалар ел ішінде еңбекке деген құлшынысты арттырып, ер шаңырақтың берекесін кіргізер берік дәнекерге айналмақ.

Гүлжан ЕСЖАН

## Кеңес

# Әлеуметтік сала жұмысы сараланды



Аудан бойынша жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша қандай шаралар атқарылды? Білім ошағындағы асханалардың жай-күйі қалай? Жауапты сала мамандары «Amanat» партиясы аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының отырысында бұл сауалдардың түйінін тарқатты. Аталған жиынға партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Қайрат Досымов төрағалық етті. Оған «Amanat» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева мен партиялық бақылау комиссиясының мүшелері қатысты.

Жиында аудан бойынша жұмыссыздық деңгейін төмендету шаралары туралы «Мансап» орталығының аудандық филиалының директоры Ғалымжан Телібаев пен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаев хабарлама жасады.

Ғалымжан Қуанышұлының айтуынша, бүгінде ауданда 13 926 тұрғын жұмыспен қамтылса, 701 адам жұмыссыз деп танылған, яғни жалпы жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызды құрап отыр.

Жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеуші ретінде 727 адам жүгінді, оның 701-і тұжырымдамаға қатысушы ретінде тіркелді. Оның 110-ы бос жұмыс орындарына орналастырылды. Ал «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 14 адам жолданып, олардың 5-еуі оқу курсы аяқтап, өз сертификаттарын алды. Субсидияланатын жұмыс орындарына 829 адам жұмысқа орналастырылды, яғни

жастар практикасына 1 адам жолданып, 1 адам жұмысын мерзімінен бұрын өз еркімен тоқтатты. Мұнан бөлек қоғамдық жұмысқа 266 адам, «Күміс жас» жобасына 4 адам жолданды, – дейді Ғалымжан Телібаев.

Айта кетейік, жыл басынан бері 3 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылып, оған 20 жұмыс беруші 37 бос жұмыс орнын ұсынды. Нәтижесінде 128 адам кеңес алып, 8 адам тұрақты жұмысқа орналастырылған. Сондай-ақ 46 отбасыға атаулы көмек тағайындалған.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаевтың айтуынша, 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орны бойынша ауданда 447 жаңа жұмыс орны құрылу керек болған. Алайда бүгінге дейін тек 12 жұмыс орны құрылған. Аудан бойынша жаңадан 105 жеке кәсіпкерлік субъектісі ашылған. Алайда ашылған кәсіпкерлік субъектілерінің 12-сі ғана міндетті

зейнетақы жарналарын төлеп, жаңа жұмыс орындары есебіне алынған. Осыған орай қазіргі таңда кент және ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп отырып қалған 93 кәсіпкерлік субъектісі бойынша зейнетақы жарналарын аудару жұмыстары жүргізілуде. Мұнан бөлек аудан бойынша өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында 12 жоба бекітіліп, 118 адамды, нақтырақ айтсақ, 12 адамды тұрақты жұмыспен, ал 106 тұрғынды уақытша жұмыс орындарына қамту жоспарланған. Бүгінде 2 жоба бойынша 9 адам жұмыспен қамтылып отыр. Алдағы уақытта қалған 10 жоба бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілімек.

### 3 823 бала ыстық тамақпен қамтылған

Өздеріңіз білетіндей, соңғы жылдары еліміздегі білім ошақтарында астан ұланғандықтан оқушылар қатары артты. Сорақысы, балалар мектеп асханасында берілетін тегін ыстық тамаққа сапасыз өнімдерді пайдаланғаннан ауырған. Ауданда осындай оқиғалар орын алмас үшін білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов тұрақты түрде тексеру жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты.

Бүгінде мектепте балаларды ыстық тамақпен қамту бір жолға қойылған. Аудандағы 20 мектептің оқушылары, яғни 3 823 бала бір мезгіл тегін ыстық тамақ ішеді. Әлеуметтік осал топқа жататын бала саны – 2009, ал атаулы әлеуметтік санатқа жатпайтын 1-4 сыныпта 1814 оқушы бар. Ыстық тамақпен қамтуға жергілікті бюджеттен 443 110 млн тг бөлінген.

2021-2026 жылдар аралығында 20 мектептің асханасына жабдықтау жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, барлық мектептің асханасы жабдықталды. 2025-2026 оқу жылынан бастап мектеп асханасындағы ыстық тамаққа ваучер енгізілді. Цифрландыруға бағытталған сәйкестендіру карточкалары жүйесімен қамтылған мектептер үлесі 50 пайызды құрауы тиіс. Осы бағытта тиісті қаржы бөлініп, 5 мектепке, атап айтсақ, Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей, әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицей, 3.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектеп, №31 мектеп-гимназиясы мен Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектепке аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылып, іске қосылды. Ал қалған 15 мектеп «Бизнес өмиян» бойынша есептеліп, Барлық ыстық тамақпен балалардың қамтылуы күнделікті мониторингке электронды түрде енгізіліп, қаржылары электронды табель арқылы жүреді, – деді Талғат Құрақбайұлы.

Иә, балалардың дұрыс тамақтануы олардың денсаулығы мен ойлау қабілетін арттырады. «Ас – адамның арқауы» демекші, балаларға берілетін тағамның құнарлы, сапалы болуын қадағалау күн тәртібінен түспеуі тиіс.

Жиын соңында партиялық бақылау комиссиясының мүшелері атқарылған жұмыстар бойынша сапаны тағы да арттыру керектігін тілге тиек етті.

Сезім НҰР

## Тағзым

1995 жылдың 7 сәуірі ел тарихында атаулы күндердің бірі болды. Ел үшін кеудені оққа тосқан Қазақстан жауынгерлері тәжік-ауған шекарасында айбынды ерліктің, қайтпас қайсарлық, батылдықтың ерен үлгісін көрсетті. Өткен ғасырдың көлеңкелі саясаттың ызғары, сол бір сұрапыл жылдар әлі де ұмытылған жоқ.



## Ерлік дәріптелген күн

7 сәуір – Ерлік күніне және Қазақстан әскерінің тәжік-ауған шекарасынан шыққанына 25 жыл толуына орай тағлымды шара өтті. Тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан жауынгерлерді еске алуға арналған шаралар лөгі «Тағзым» алаңында еске алып, гүл шоқтарын қою рәсімінен бастау алды.

Шараға аудандық қоғамдық даму бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұрлан Бектібаев, бірқатар ардагер, тәжік-ауған соғысына қатысқан ардагерлер мен олардың ұрпақтары қатысты. «Тағзым» алаңына жылған жұрт қаза тапқан қазақ жауынгерлерінің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, олардың ерлік жолына тоқталды.

Мұнан соң тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан жауынгерлерді еске алуға арналған шара аудандық қоғамдық даму бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұрлан Бектібаевтың төрағалығымен өткен кездесумен жалғасты.

1992-2001 жылдары аралығындағы 9 жылға созылған ұрыс қимылдарында 46 қазақстандық сарбаз қаза тапты. Сіздер қазақ деген халықтың текті ұлы екендеріңізді, сөртке берік, ел дәстүріне адал екендеріңізді сол тәжік-ауған шекарасында дәлелдеңіздер. Сондықтан сіздерге бүгінгі күні қандай құрмет көрсетілсе де жарасады. Өміріңіз өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағыңыз субелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жазуымен елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағаларымызбен кездесу – біздер үшін зор ғанибет. Сіздердің ерлік істеріңіз қандай құрметке де лайық, – деді Нұрлан Бектібаев.

Сонымен бірге Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Жалағаштан Ауғанстанға дейін» атты кітаптың авторы Тұрақ Адисұлы, тәжік-ауған соғысының ардагері Құрманбек Ысқақов Отан алдындағы борыш-міндетін адал атқарып, патриоттық парызын өтеп қайтқан қазақ жауынгерлерінің есімі ел жадынан өшпейтінін жеткізді.

Жиын барысында бірқатар тәжік-ауған соғысының ардагеріне Қазақстан әскерінің тәжік-ауған шекарасынан шыққанына 25 жыл толуына арналған төсбелгілер мен аудан әкімінің алғысы табысты.

Ерлік өлмейді, замандарға жалғаса береді. Отан алдындағы міндетін адал атқарып, кеудесін оққа тосып, жанқиярлық ерлік көрсетіп, патриоттық парызын өтеп қайтқан қазақ жауынгерлері алдында келер ұрпақ бас иіп, құрмет көрсетеді. Жат елде қазақ халқының ар-ожданың, ерлігі мен намысын өлемге паш еткен олардың ерлігі қашанда өнеге болмақ.

Айта кетейік, дәл осы күні тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан жауынгерлерді еске алуға арналған шаралар лөгі Б.Құлтекенов атындағы жабық бассейінде мектеп оқушылары арасындағы өркін жүзуден аудандық жарысқа ұласты. Аталған жарысқа 20-ға жуық оқушы қатысты. Нәтижесінде жүлделі I орынмен №33 орта мектептің оқушысы Бохан Ерсултан, II орынмен №118 орта мектептің оқушысы Нұрсұлтан Беколжас, III орынмен №33 орта мектептің білім алушысы Тұрар Нұртөре маралпатталған. Дәл осы мектептің оқушысы Самат Әнуар IV орын, ал №118 орта мектеп оқушысы Нүргелді Әбдірасыл V орын иеленген.

Сезім НҰР

## Көшпелі алқада келелі мәселелер қаралды

Аудан әкімдігінде Қызылорда облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Ғалымжан Еркебайдың төрағалығымен көшпелі алқа отырысы өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов, сондай-ақ тиісті сала басшылары, мекеме жетекшілері мен жауапты мамандар қатысты.

Күн тәртібінде өңірдегі экологиялық ахуалы мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бағытында бірқатар өзекті мәселе қаралды. Атап айтқанда, су шаруашылығы нысандарының техникалық жағдайы, оларды күтіп ұстау және тиімді пайдалану жолдары кеңінен талқыланды. Бұл ретте су ресурстарын үнемді әрі ұтымды пайдалану, су арналарының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету және тиісті инфрақұрылымды жаңғырту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар жаз мезгілінде жиілейтін дала және орман өрттерінің алдын алу шаралары да күн тәртібінде маңызды мәселенің бірі болды. Жауапты сала өкілдеріне өрт қауіпсіздігін сақтау, алдын алу жұмыстарын күшейту, қажетті техника мен құрал-жабдықтардың дайындығын қамтамасыз ету жөнінде нақты тапсырмалар жүктелді. Бұдан бөлек елді мекендерде заңсыз ағаш кесу фактілерінің алдын алу, табиғи ресурстарды қорғау бағытындағы бақылауды күшейту қажеттігі айтылды.

Жиында Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясындағы жұмыстар да жан-жақты қаралды. Аталған бағдарлама шеңберінде қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру, санитарлық тазалықты сақтау, қоршаған ортаны қорғау бағытындағы іс-шаралардың тиімділігін арттыру мәселелері талқыланды. Бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру, халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажеттігі атап өтілді.


Сондай-ақ жиында еңбек және орындаушылық тәртіпті сақтау, мемлекеттік мекемелер арасындағы өзара іс-қимылды күшейту мәселелері де назардан тыс қалмады. Жауапты сала басшыларына жүктелген міндеттердің уақытылы өрі сапалы орындалуын қамтамасыз ету бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Жиын қорытындысында тиісті сала басшыларына бірқатар нақты міндет жүктеліп, олардың орындалуын тұрақты бақылауға алу қажеттігі атап өтілді. Жалпы жиында көтерілген мәселелер өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және табиғи ресурстарды тиімді басқаруға бағытталған маңызды қадамның бірі екені атап өтілді.

Гүлжан ЕСЖАН

**Таным**

Өмір – өзен, өзен – өмір нәрі, тіршіліктің көзі. Егер өзен құнарлы жермен өтсе, ол жер орман-тоғайға айналып, жасыл-желекке бөленеді. Адам да сол секілді, азамат болып қалыптасқан соң елге қызмет етіп, артында ұрпақ қалдырады. Алайда олардың барлығы бірдей артында өшпес із қалдыра алмайды. Бұл – ілуде біреудің ғана қолынан келетін шаруа. Қазақ «таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер» деп тілек тілейді. Алла тағала осындай бақ беріп, қыдыр қолдаған елінің айтулы азаматының бірі Омық Бұйраев ағамыз еді.



# Малды ауылдың қазығын қаққан

Анадан айырылып жетім қалған баланы Ақжар ауылындағы немере ағасы Смағұл өз қолына алды. Сол ауылдағы орта мектепті оқып бітірген соң бірер жыл колхозда жұмыс істеді. Қазалыдағы ауыл шаруашылығы техникумына зоотехник бөліміне оқуға түсіп, оны 1957 жылы тәмамдап, мамандық алып шықты.

Бұдан кейін әр жылдары Қуандария, Ақжар ауылдарында мамандығы бойынша мал шаруашылығында қызмет етті. 1964 жылы Жамбыл атындағы колхозға көшіп келіп, ағайын-туыстарымен қауышты. Мал фермасында зоотехник, басқарушы болды. Біраз жыл тәжірибе жинақтаған маман бұл жақта да қызмет бабында өзінің қарым-қабілетін, біліктілігін көрсетті.

Оны 1968 жылы колхоз төрағасы Ұзақ Еспанов кабинетіне шақырып алды. «Неге шақырды екен?» деген сауал мазалап, кабинетке қобалжи кіргені сол еді. Ұзаққа мұны көңілді қарсы алды. Отбасының амандығын сұрап амандасып болған соң «Әй Омық, сенің мал шаруашылығыңда тәжірибелі мол Биыл 40 жастасың. «Отызда орда бұзбасан, қырқында қыр اسپайсың» демей ме. Саған бір үлкен міндет жүктегелі отырмыз. Аудан басшылығымен ақылдаса келе сені жаңадан құрылып жатқан 3 ферманың меңгерушісі қызметіне ұсындық» деді де «Бұған қалай қарайсың?» дегендей, бір сәт үнсіз қалды. Омекең мұндай жауапты міндет жүктелді деп күтпеген еді. Қәпелінде не дерін білмеді. Ұзаққа орнын таурып, жаңына келіп қолын қысып, жаңа қызметіне сәттілік тілеп жатыр. Сөйтіп күтпеген жерден жауапкершілік жүгі артылды.

Осылайша Жаңадария совхозының №3 фермасының алғашқы меңгерушісі болып 1968 жылы өмірлік тәжірибесі мол білікті маман О.Бұйраев тағайындалды. Ол кезде жаңадан құрылған шаруашылықтың өз алдына ел болып екі аяғына тік тұрып кетугі екіталай еді. Кез келген істі бастап кету қиын. Ауылдың қазығы қағылған күннен бастап алғашқы ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу керек болды. Ол үшін фермаға мал шаруашылығы мамандары мен жұмыс қолы ауадай қажет еді. Омекеңнің ұққаны, өмірдің мөнін түсініп, жаратылыстың түлкі мағынасын ұқпаған, мақсат пен биік мұраты болмаған пенде шынайы кемелденіп, кемел адам дәрежесіне көтеріле алмайды. Қарекет түбі – бәрекет, бірінші Алла, екінші намыс, үшінші жігер керек. Қам-қарекет жасап еңбектенген жан түпкі нәтижеге көл жеткізеді. Ұрыста тұрып жоқ, көп ойланбастан өзі қызмет еткен Жамбыл атындағы колхозда бетке алып, жолға шықты.

Алда қыруар жұмыс күтіп тұр. Бірінші кезекте Аққолқа ауылына халықты көшіріп әкеліп, тұрғын үймен қамтамасыз ету, Жамбыл атындағы колхоздан малды қабылдап алып, оны бағатын малшыларды тарту жұмыстарын жүргізу керек. Колхозға жеткен Омекең ауылдастарың, жақын-жекеқаттарды жағалап амандасып шықты. Өңірге барысында жаңадан құрылған фермаға көшіп барып, мал шаруашылығын дамытуға атсалысуға шақырып, көмек сұрады. Ферма орталығы Аққолқаға көшіп баруға көлік берілетін тұрғын үймен қамтамасыз етіп, басқа да әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың жасалатынын айтып түсіндірді.

Міне, осындай түсіндіру жұмыстарының арқасында Жамбыл атындағы колхоздан Аққолқа ауылына бір топ отбасы көшіп келіп, қоныстанып

жатты. Колхоздан он шақты мың қой-ешкі, үш үйір жылқы, елу шақты түйе қабылдап алынды. Оны бағатын малшылар да табылды. Малшыларды көшіріп қондыратын жем-шөбін тасып жеткізетін жүргізуші-механизаторлар да келе бастады. Шаңғара Тұрманов, Бақберген Кәрібаев басқаратын құрылыс бригадасы ауыл орталығынан соқпа кесек құйып, үй салды, малшылардың қыстаулары мен қораларын жөндеу жұмыстарына жұмыла кірісіп кетті.

Алғашқы ұйымдастыру жұмыстары сол кезден басталды. Фермаға автокөлік, бульдозер, Беларус техникалары келе бастады. Ауылдың түстік шетінде екі-үш бөлмелі ғимаратта СТОның моторы болды. Сол мотор арқылы түнде ауылдағы отбасыларға жарық беріліп тұрды. Алғашқы моторист Ыстықбай Оспанов болатын. Сол кезде «ДҚУ» агрегаты жұмыс істеп тұрды. Тұралып майдаланған шөп сол жердегі арық-тұрақ малдарға берілді. Сол агрегатта ауылдың біраз адамы жұмыс істеді. Алғашқы жылдары ауыл орталығында мектеп-интернат, медпункт, клуб ғимараттары салынып, ауылдың сәні кірді. Жылдан-жылға ферманың жұмысы алға басып, төрт түлік саны артты.

Ауылдың алғашқы қазығы қағылған күннен бастап Омекең өзіне жүктелген міндетті мүлтіксіз атқаруға тырысты. Ауыл халқына барынша жағдай жасап, кейбір мәселелерді шешуге атсалысты.

Өмірге келген әрбір адам елеусіз кетпеген үшін артында өшпес із қалдыру керек. «Алғаша ең сүйікті адам – адамдарға көбірек пайдалану болған кісі» дейді. Сондықтан «адамдарға жақсылық жасап, игілікті іс атқарсам екен» деген ізгі ниетпен өмір сүрді. Фермада басқарушы, зоотехник болып ұзақ жыл қызмет етіп, мал шаруашылығының өсіп-өркендеуіне қомақты үлес қосты. Шүкір, еңбегі ескерусіз емес. Жалағаш аудандық партия конференциясына бірнеше рет делегат болып қатысты. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ облыс, аудан басшылығы тарапынан алған марапаттары жетіп артылады.

Отан отбасынан басталады. Ағамыз жұбайы Бақыт екеуі отау құрып, отбасының қызығын, бақытын бірге көрді. Дүниеге әкелген 8 балаға тәлім-тәрбие беріп, білім алуына барлық жағдай жасады. Ата-анасының тәрбиесін көріп өсейген олар да өмірден өз орындарын тапты. Үлкені Серік – мұғалім, оның жұбайы Жемісқұл – бухгалтер-экономист, Сәбит – құрылысшы, жұбайы Гүлнар – мұғалім, Ғабиті жүргізуші, жұбайы – Мейрамқұл мұғалім, Хамиті жүргізуші болса, оның жұбайы Гүлнар сауда саласында қызмет етті. Ал Жанат, Манат, Саматы және қызы Гүлмира мен жолдасы Өмірсерік кәсіптен айналысады. Ұл-қыздарынан тараған ұрпақтары, яғни немере-шөберелері де өсіп-өніп, азамат болып қалыптасып, әр салада еңбек етіп жүр.

Білікті маман, іскер ұйымдастырушы, саналы ғұмырын мал шаруашылығын дамытуға арнаған О.Бұйраевтың өмірі мен қызметі – кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Бақытын еңбектен тауып, ел алдында лайықты бағасын алған ардагер ағамыз елге жасаған қызметі мен азаматтық бейнесі халық жадында мәңгі жаңғырары сөзсіз.

**Серік БЕРТАЕВ, ардагер-журналист**

**Мерей**

# Еселі еңбекке лайықты баға



**Ауданда республикалық референдумды жоғары деңгейде ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысқан азаматтарды марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты жиын аудан көлеміндегі қоғамдық-саяси маңызды науқанға үлес қосқан жандардың еңбегін бағалауға арналды.**

Іс-шараға «Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева және аудандық білім бөлімінің басшысы, «Дарын» бастауыш партия ұйымының төрағасы Тағат Садықов қатысты. Жиында сөз алған Қаншағұл Шоңмұрынқызы референдумның ел дамуындағы маңыздылығына тоқталып, науқан барысында атқарылған жұмыстарға жоғары баға берді.

– Референдум – халықтың пікірін айқындайтын маңызды саяси тетік. Осы науқанда әрбір азаматтың белсенділігі



ерекше рөл атқарды. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізіп, тұрғындардың қатысу деңгейін арттыруға үлес қосқан баршаның аялысымыз білдіреміз. Бұл – ортақ еңбектің нәтижесі, – деді ол. Шаңғара референдумды ұйымдастыру ісіне жауапкершілікпен қарап, белсенділік танытқан бірқатар азаматқа алғес хат табысталды. Жиын соңында марапат иелеріне ел мүддесі жолындағы еңбегі үшін ризашылық білдіріп, алдағы уақытта қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысуға шақырды.

# Заң мен тәртіп – қоғам тірегі

**«Жалағаш – заңға бағынған, тәртіпке негізделген аудан» іс-шаралар жоспары аясында Жаңадария ауылындағы №203 орта мектепте тағайыны мол кездесу өтті. Аталған жиынға аудандық білім бөлімі мен полиция бөлімінің өкілдері қатысып, мектеп оқушылары және сынып жетекшілерімен еркін форматта пікір алмасты.**

Кездесуде жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері жан-жақты түсіндірілді. Атап айтқанда, топтық төбелес, буллинг, ұрлық, сталкинг, вандализм секілді келеңсіз әрекеттердің салдарына тоқталып, түнгі уақытта заңды екілісі жүрудің жауапкершілігі айтылды.

Сонымен қатар білім беру ұйымдарындағы тәртіпті сақтау, салалық бұйрықтардың орындалуы және мектепшілік бақылауды күшейту мәселелері көтерілді. Қоғамдық қауіпсіздік бағытында көмелетке толмағандардың көлік құралдарын бас-

қаруы, профилактикалық есепке алу тәртібі және бейнебақылау камералары арқылы құқық бұзушылықтарды анықтау жұмыстары туралы түсіндірілді. Кездесуде оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, өзекті мәселелер талқыланды. Мұндай кездесулер жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, заңға құрмет пен тәртіпке бағынудың мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

**«ЖОК» ақпарат**

Жария шарт № \_\_\_\_\_  
Жалағаш кентінде тұратын жеке тұлғаларға тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару қызметін көрсету туралы

Жалағаш кенті « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2026 жыл

«Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жалағаш қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін кәсіпорны басшысының м.а. Б.Дүйсембиев, әрі қарай «Қызмет ұсынуды» бір жақты одан әрі \_\_\_\_\_ үй тұрғыны, әрі қарай «Тұтынушы» өкілі жақтан бірлесіп әрі қарай «Тараптар», төмендегідей жария шартын (әрі қарай – Шарт) жасасты.

**1. ШАРТ МӘНІ**

1.1. Қазақстан Республикасының 2021 жылы Экологиялық Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) 367-бап 3-бөлігіне сәйкес, тұрғын үйлерде тұратын жеке тұлғалар жария шарт негізінде орталықтандырылған жүйені пайдалануға және жергілікті өкілді орган бекіткен тарихтық сәйкес қалдықтарды тасымалданғаны үшін көрсетілген қызметтерге ақы төлеуге міндетті. «Коммуналдық көрсетілген қызметтердің тізбесі және коммуналдық көрсетілген қызметтерді ұсыну үлгілі қағидаларын бөлу туралы» ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі №249 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің талаптарына сәйкес, «Қызмет ұсынуды» мен «Тұтынушы» арасындағы осы шартта қарастырылған қатынас қоқысты жоспарлы реттеу, жинауды пайдалану талаптарымен реттеледі. Жоғарыда көрсетілген заңнамалардың талаптарына сәйкес, «Қызмет ұсынуды» «Тұтынушылардың шығарылатын тұрмыстық қатты қалдықтарын (бұдан әрі – ТҚҚ) белгіленген кестеге сәйкес ақуға қызметі көрсетеді. Ал «Тұтынушы» осы шартта көрсетілген қызмет үшін белгіленген баға бойынша төлем ақы төлеуге міндетті.

**2. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

2.1. «Қызмет ұсынуды»:

2.1.1. ТҚҚ-ны шығару, тұрғын үйлердің ТҚҚ тастауға арналған контейнер алаңының аумағының тазалығын сақтап отыруды қамтамасыз етеді, ал жеке секторларда белгіленген кесте бойынша ақуға міндеттенеді.

2.1.2. ТҚҚ өкелетін үйші «Тұтынушыдан» ай сайын уақытылы төлем ақы алуға қалдықтар қосып шығару қызметіне төлем Жалағаш аудандық мемлекеттік 2024 жылғы 18 сәуірдегі №18-1 санды шешімімен белгіленген тариф бойынша есептеледі. Жайлы үйлерге (көпөлпелі үйлер тұрғындары) адам басына-151,15 теңге \* \_\_\_\_\_ = \_\_\_\_\_

Жайсыз үйлерге (жеке сектор тұрғындары) адам басына – 151,15 теңге \* \_\_\_\_\_ = \_\_\_\_\_

1 текше метр ТҚҚ ақуға бағасы – 1605,16 теңге

2.2. «Тұтынушы»:

2.2.1. Қызмет көрсету тарифі, тәртібі мен шарттары туралы ақпарат алуға құқылы.

2.2.2. Көпөлпелі үйлердің тұрғындарына ТҚҚ-ды арнайы орынға төуліктің көз көрген уақытында шығаруға қысық қоймайды, ал жеке сектор тұрғындары белгіленген кестеге сай қызмет ұсынудың ТҚҚ-ды алып кететін күні таңғы сағат 09:00-12:00 аралығында тек мекен-жайының көше бетіндегі ауласының алдына шығаруы тиіс.

2.2.3. Көрсетілген қызмет үшін есепті айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей толық көлемде төлем ақы жүргізуге міндеттенеді.

2.2.4. Қоқыс шығару жүйесінің арқылы төлеуге болады.

2.2.5. Контейнерлерге тек қана тұрмыстық қоқыс қалдықтарын тастауға. Сұйық және қауіпті қалдықтарды қоқыс контейнерлеріне төлеуге болмайды.

2.2.6. Ескі жиһаздар, құрылыс қалдықтары, кесілген ағаштар, шабылған шөп, малдың астынан шығарылған тасөзектер және тақа тұрмыстық қатты қалдықтарға жатпайтын қоқыстар басқа тарифпен, белгелі таспырыс беру арқылы шығарылуға жатады.

2.2.7. «Тұтынушы» пәтерлерде және жеке үйлерде тұратын нақты адамдардың саны өзгерген және адамдар қоныс ауадаған жағдайда олар жөнінде «Қызмет ұсынуды» тиісті түрде хабарлауы тиіс.

2.2.8. Шарттың мерзімі шектелуісі.

2.2.9. Осы шарт тиісті түрде жарияланған уақыттан бастап күшіне өнеді.

2.3. Қызмет ұсынудың мекен-жайы: Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Төле би көшесі №5 ғимарат.

**3. БАСҚА ДА ТАЛАПАТ**

3.1. Қызмет көрсетуші және Тұтынушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің шарттық міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

3.2. «Тұтынушы» тарапынан көрсетілген қызметтің төлем ақысы уақытылы төленбеген жағдайда, «Қызмет ұсынуды» ҚР қолданыстағы заңдары шеңберінде сот орындары арқылы мәжбүрлі түрде өндіруге құқылы.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды өртеуге, қоғамдық орындарға қоюға (көше бойына), көпөлпелі үйлердің ауласына, контейнерлік алаңдардың айналасына және контейнердің ішіне құрылыс қалдықтарын тастауға қатаң тыйым салынады. Құрылыс және басқа қалдықтарды шығаруға қатысты сұрақтарға 8-771-530-98-65 телефондары арқылы байланысуға болады. Осы шарт бойынша көпөлпелі тұрғын үйлердің тұрмыстық қатты қалдықтар салуға арналған контейнерлеріне және сектор тұрғындарының тұрмыстық қатты қалдықтарын тастауына қатаң тыйым салынады.

3.3. Осы Шарт жалпыға ортақ болып табылады және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабымен реттеледі.

**4. ДАУЛАРДЫ ҚАРАСТЫРУ ТӘРТІБІ**

4.1. Шарт бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды сотқа дейінгі реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

4.2. Туындаған даулар бойынша келісімге келмеген жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотта қаралуға жатады.

**5. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ**

<b>ҚЫЗМЕТ ҰСЫНУШЫ</b> «Жалағаш қызмет» ШЖҚ МКК БСН 250340029900 ИИК К22336010002144660115 БИК НБВКЗКЗХ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №3 Тел: 8-771-530-98-65 Эл.пошта: jalgasnursultan@bk.ru Мекен басшысының м.а. Б.Дүйсембиев	<b>ТҰТЫНУШЫ</b> Аты-жөні: _____ Мекен-жайы: _____ ЖСН: _____ Телефон: _____ Қолы: _____
---	--

**5. ЮРИДИЧЕСКИЕ АДРЕСА СТОРОН**

<b>«УСПЛУДАТЕЛЬ»</b> ГКП на ПХВ «Жалағаш қызмет» БИН 250340029900 ИИК К2236010002144660115 БИК НБВКЗКЗХ АО «Народный Банк Казахстана» поселок Жалағаш, ул.Желтоқсан №3 Тел: 8-771-530-98-65 Эл.почта: jalgasnursultan@bk.ru И.о. руководителя предприятия Б.Дүйсембиев	<b>«ПОТРЕБИТЕЛЬ»</b> ФИО: _____ Адрес: _____ ИИН: _____ Телефон: _____ Подпись: _____
--	--

## 2026 жылғы 3 мамырға тағайындалған Жалағаш ауданының Жалағаш кенті және Мақпалкөл ауылдық округі әкімдеріне кандидаттарды тіркеу туралы Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-5 бабы, 9-тармағына сәйкес, Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 10 сәуірдегі №АСК-93 және №АСК-94 шешімдерімен 2026 жылғы 3 мамырға тағайындалған Жалағаш ауданының Жалағаш кенті және Мақпалкөл ауылдық округі әкімдерінің сайлауына кандидаттар болып төмендегі азаматтар тіркелді:

- Жалағаш кенті әкіміне кандидаттар**
- Жапбасбаев Қайрат Ғалиұлы – 1987 жылы туған, қазақ, Жалағаш ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы, Жалағаш кентінде тұрады, «AMANAT» партиясы ұсынған «AMANAT» партиясының мүшесі,
  - Идрисов Дархан Балғабайұлы – 1984 жылы туған, қазақ, Жалағаш ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастар бөлімінің сектор меңгерушісі, Жалағаш кентінде тұрады. Өзін-өзі ұсынған.
- Мақпалкөл ауылдық округі әкіміне кандидаттар**
- Адамбаев Әбдімәлік Төребекулы – 1997 жылы туған, қазақ, №119 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Жалағаш кентінде тұрады. Өзін-өзі ұсынған.
  - Жұматаева Ақалтын Бақырадинқызы – 1982 жылы туған, қазақ, Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, Жаңаталап ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.
  - Тоғызбаев Мардан Марсбекулы – 1991 жылы туған, қазақ, Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, Мақпалкөл ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

## 2026 жылы II тоқсанда Мәдениет ауылдық округі әкімінің аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Оразбаев Ардак Даулетбаевич	Мәдениет ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі, жұма күндері сағ. 10.00-ден 12.00-ге дейін	Мәдениет ауылы Қалдан батыр көшесі №3	35-4-07

Дода

# «ЖАУҚАЗЫН ЖҮРЕК»: көшпелі әдеби алаң Жалағашта



Облыстық білім басқармасының «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы мен аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен 3.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектепте «Жасанды интеллект: «Жауқазын жүрек» шығармашылық көкжиегінде» тақырыбында II облыстық көшпелі әдеби алаң өтті. Іс-шара «Үш бәйтерек – ұлттық рухтың тұғыры» тақырыбы аясында ұйымдастырылды. Әдеби алаңға Қызылорда қаласы мен әр ауданнан келген оқушылар, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері қатысты.

Әдеби алаң оқушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамытуға, ұлттық әдеби мұраға қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беру үдерісінде тиімді қолдануға бағытталды.

Шара басталмас бұрын мектеп фойесінде келушілерге арнап шағын көрме ұйымдастырылып, онда қазақ жазушыларының өмірбаяны мен шығармалары насихатталды. Мұнан кейін қонақтар мектептің акт залына қарай бет алды. Әдеби жиын шымылдығы аудан мектептерінің дайындаған концерттік бағдарламасымен жас мамандардың «Үш бәйтерек» атты композициялық қойылымымен түрілді.

Білім додасын «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы директорының орынбасары Гүлжан Ибасарова ашып, көшпелі әдеби алаңның маңыздылығына тоқталды.

«Жауқазын жүрек» жобасы 2024 жылдан бері жүйелі түрде жүзеге асып келеді, «Дарын» орталығының басты мақсаты – тек олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысатын дарынды жастарды ғана емес, шығармашылыққа

жақын өнер мен әдебиетке ынталы жас өрендерді де жан-жақты қолдау. Бұл көшпелі шығармашылық алаң әр ауданнан шыққан сөз өнеріне жақын ойы ұшқыр, қиялы кең жастарды бір ортаға жинап, тәжірибе алмасуға, жаңа достар табуға мүмкіндік береді. Өткен жылы бағдарлама аясында драмалық қойылымдар мен жыр-мұшәйралар өткізіліп, жастардың сахналық және поэтикалық қабілеті шыңдалса, биыл атаулы даталарға орай ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың шығармашылығын жаңа қырынан зерделеуге басымдық беріліп отыр. Әдеби талдауды жасанды интеллект мүмкіндіктерімен ұштастыру арқылы қатысушылар заманауи технологияларды тиімді пайдаланудың қыр-сырын үйреніп, ойлау қабілетін дамытады. Осындай жиір тәсілдер арқылы жастардың таным көкжиегі кеңейіп, әдебиетке деген қызығушылығы артап, Барша қатысушыға сәттілік тілеймін, – деді ол.

Облыс көлеміндегі әдеби басқосуға Жалағаш, Қазалы, Шөлді, Жаңақорған Арал, Қармақшы, Сырдария аудандары мен Қызылорда қаласынан келген 5 оқушыдан құралған 8 команда қатысты. Сайысқа қатысушыларға ардагер ұстаз, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлнар Бекмолдаева, аудандық өнер мектебі директорының орынбасары Алпамыс Қожанияз және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, үздік педагог байқауының жеңімпазы Сабира Мусаева төрелік етіп, әділ бағасын берді.

Әдеби алаңның алғашқы кезеңі «IQAS интеллектуалды ойыны» деп аталды. Бұл ойын төрт кезеңнен тұрды, яғни қатысушылар топтық жұмыс бойынша Қазақтың үш бәйтерегі С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгірдің өмірі мен шығармашылығына байланысты сұрақтарға жауап берді.

Мұнан кейінгі кезең үй тапсырмасы, «Үш бәйтерек – қазақ руханиятының үш тірегі» деп аталды, яғни бұл кезеңде қатысушылар жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы», «Көкшетау», «Ақсақ киік», Б.Майлиннің «Шұғаның белісі», «Құлпаш», «Түйебай», І.Жансүгірдің «Күйші», «Құлгер» сынды шығармаларынан анимациялық фильм дайындап көлді.

Сайыстың соңғы кезеңі – «Live Stage Story». Бұл кезеңде сайыскерлерге С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгірдің шығармаларынан 1 сурет берілді. Оқушылар берілген сурет арқылы кімнің, қандай шығармасы екенін анықтап, оны көрерменге қойылым арқылы таныстырды. Олар «Бандыны қуған Хамит», «Күйші», «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры», «Жер қазғандар» сынды шығармаларды сахналады. Қатысушылар қойылымға дайындалуға небәрі 15 минут уақыт берілді. Олар қойылыммен қатар жасанды интеллект арқылы

шығармаға қатысы бейнеролик дайындап, оны көпшіліктің назарына ұсынды. Бұл арқылы оқушылар заманауи техникаларды жоғары деңгейде тиімді қолдана алатынын көрсетті. Байқау тапсырмаларының мазмұны өзектілігімен, тәрбиелік және танымдық мәнімен ерекшеленді. Сонымен қатар іс-шара ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға оң ықпал етті.

Қазылар алқасының шешімімен үш команда үздік деп танылып, оларға арнайы номинация табысталды. Тарқатып айтсақ, Жалағаш ауданының командасы «Үздік анимациялық туынды» номинациясымен, Қазалы ауданы «Ең үздік креативті сюжет» номинациясымен марапатталды. Ал Шөлді ауданы «Ең үздік жасанды интеллект құрастырушы» номинациясын иеленді.

Сондай-ақ оқушылардың еңбегін елеген қазылар алқасы оларға «Ой майданының жеңімпазы», «Әдеби білімнің үздік білгірі», «Ең өсерлі кейіпкер», «Логика капитаны», «Эмоция чемпионы», «Сахна креаторы», «Шынайылық шебері», «Ең үздік импровизатор», «Жарқын жұлдыз», «Шабат көз», «Терең ой иесі» сынды бірнеше номинация табыстады.

Әсерге толы әдеби алаңның қорытындысында «Жауқазын жүрек» II облыстық балалар шығармашылығын дамытуға арналған көшпелі әдеби алаңның арнайы статустас Жаңақорған ауданына табысталды, яғни келесі көшпелі әдеби басқосу алдағы айда Жаңақорған ауданында жалғасын табады.

Сөзім НҰР

Бәрекедді!

Тараз қаласында 10-11 (12) сынып оқушыларына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада өтті. Білім бәйгесі қазақ тілі мен әдебиеті, орыс мектептерінде оқытылатын қазақ тілі мен әдебиеті және Қазақстан тарихы пәндерін қамтыды. Дарынды оқушыларды анықтау және қолдау, олардың ғылыми-зерттеу қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған сайысқа еліміздің барлық өңірінен іріктелген 270 оқушы қатысып, 121 жүлдені сарапқа салды.

## Жұлдызай жеңіспен оралды



Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен республикалық олимпиадаға ауданнан Жұлдызай Аймұратқызы қатысып, жүлделі II орын иеленіп қайтты. Ол – мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы. Оны жеңіс тұғырына жетелеген ұстазы – Ұлжан Досқалиева.

Білім бәйгесінде таңдауы қазақ тілі мен әдебиеті пәніне түскен Жұлдызайдың бұл пәнге 5-сыныптан бастап қызығушылығы жоғары болған. Олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысу мақсат еткен ол күні-түні ізденіп, ең алдымен мектепшілік, аудандық, облыстық кезеңнен сүрінбей өтті.

Олимпиада өте жоғары деңгейде өтті. Барлық облыстан келген оқушылармен тез тіл табысып, бір-біріміздің жеңісімізге шынайы қуана білдік. Шыны керек, тапсырмалар өте күрделі болды. Қатысушылардың барлығы өте жоғары дайындықпен келген. Жеңіске жету үшін уақытпен санаспай, жетекші екеуміз күндіз-түні тыңғылықты дайындық жүргізіп, көп іздендік. Маған сенім білдірген жандардың үмітін ақтау үшін қиындықтың барлығын еңсердім. Ауыл оқушылары үшін үлкен мүмкіндікке толы жоба арқасында жаңа достар тауып, мол тәжірибе жинақтадым, – дейді озат оқушы Жұлдызай Аймұратқызы.

Айта кетейік, мектеп мақтаншы Жұлдызай дәл осы олимпиадаға қатарынан екінші рет қатысып отыр. Ол бұлыр та дәл осы олимпиадаға бақ сынаған. Ол кезде кейіпкеріміз 9-сынып оқушысы болғандықтан тек аудандық, облыстық кезеңнен шектелген. Себебі республикалық кезең 10 мен 11-сынып оқушыларына арналған. Ал биыл алғаш рет олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысып тұрған ол 300-ге жуық үміткердің арасынан жүлделі II орын иеленіп, аудан абыройын асқақтатты.

Озат оқушы бұл жеңісімен шектелгісі жоқ. Ол келер жылы да олимпиадаға қатысып, алтын алқа тағуды көздеп отыр. Уақытты тиімді пайдалану үшін ол дайындықты қазірден бастағанын айтады. Себебі келер жылы кейіпкеріміз – бітіруші түлек. Оның таңдауы ағылшын тілі пәніне түскен. Десе де қазақ тілі және әдебиеті пәнінен қол үзбек емес.

Олимпиада барысында қатысушылар әдеби талдау жасау, тарихи деректерді саралау, тілдік мәдениетті меңгеру және ғылыми пайымдау дағдылары бойынша өз білімдерін көрсеткен. Республикалық додада сайыскерлер әссе жазу, кез келген тақырыпқа талдау жүргізу, шығармалардан берілген үзінділерді жалғастыру, сұрақтарға жауап беру арқылы жүлделерді сарапқа салды.

Бұл ретте білікті маман Ұлжан Орынбекқызы дайындық барысында шәкіртіне күнделікті тапсырмалардан бөлек қосымша кітап оқуды жиі тапсырып, оны бірге талдауының айтады. Жас маманның сезіне сүйенсе, оның шәкірті білім додасын дайындауға анасының көп көмегі тиген, яғни анасы Риза Омарғалиқызы 40 жыл мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп, зейнеткерлікке шыққан. Ол анасының дұрыс бағыт-бағдар беруімен қатар дайындаған әдістемелі арқылы шәкірттерін жеңіске жетелегені айтады. Ана жолын жалғасқан жас маман 2019 жылдан бері оқушыларды білім нәрімен сусындатып, даңғыл жолға салып келеді.

Шәкірті қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша 5-сыныптан бастап түрлі білім бәйгелеріне қатысып, жүлделі орындар иеленіп келеді. Ол қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен бөлек басқа да пәндерден де ғылыми жобаларға қатысады. Жұлдызай – мектептегі ең үздік, жан-жақты оқушының бірі. Қоғамдық шараларға да белсене атсалысады. Оның басқа оқушылардан ерекшелігі, алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтыны, еңбекшілері мен білімге деген ерекше құштарлығында. Шыны керек, шәкіртімен мақтанамын. Олимпиадаларда жеңіп келе де, жеткен жеңісіне тоқмайтын «Анай, келесі жылы I орын алғым келеді. Сол үшін уақытты күр жібермей дайындықты бүгіннен бастаймын» деп қолқа салғанынан ақ оның бойынан жеңіске деген құштарлықты байқаймын. Мен де бұл ойын күл көріп, кітап оқуды қолға алдым, – дейді жас маман.

Иә, шәкірт жетістігі – ұстаздың ерен еңбегінің жемісі. Мақаламызға арқау еткен шәкірте білімге деген ынта, жеңіске деген құштарлық бар. Бұны көрген ұлағатты ұстаз білімі мен аяқпінділігі бір арнаға тоғыстырып, шәкірт шыңдауды жеберлігін аянып қалмайтынын жеткізді. Сұхбат барысында ұстазына қарап бой түзген алғыр өреннің биік білім бәйгелерінен көрініп заңдылық деп түйдік.

Айта кетейік, зияткерлік дода қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер ҚР Оқу-ағарту министрлігінің I, II және III дәрежелі дипломдарымен, сондай-ақ алтын, күміс және қола медальдарымен марапатталған. Тарқатып айтақанда, 24 оқушы I орын, 38 оқушы II орын, 59 оқушы III орын иегері атанған.

Был жаппы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңі еліміздің алты өңірінде өтуде. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы олимпиада үш қалада ұйымдастырылып, оған 925 оқушы қатысып, 423-і жеңімпаз және жүлдегер атанған. Ал қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 720 оқушы бақ сынауда.

Сөзім НҰР

## Жырдан дара жол тапқан

Жаңаталаптың топырағы тегін емес. Олай дейтіміз, талай ойдың салмағын көтерген, талай әділ сөздің бесігі болған мекен. Бұл жерде дүниеге келген әр сәби бойына бір нәзік дарынның дәнін ала келетіндей. Дәл қазіргі заман ағымы сан тарапқа бөлінген шақта сол терең арнаны жоғалтпай, нақыл сөздің жібін үзіп алмай ұстаған бір перзент бар. №119 орта мектептің 7-сынып оқушысы Мақсұт Қартаңбайдың жас та болса ойы орамды, сөзі салмақты.

Сәуірдің несері төгіліп, басылар-басылмас тұсауа мезелі мекенге де табын тіреді. Көктем нұр тамған бұл сапардың өзі бір ерекше. Ауыл шетіне іліне бере аялдамастан жолды созбады. Бағыт айқын. Бүгінде республикалық байқауа дайындық үстіндегі оқушыға қарай. Есіктен бас сұғып, сәлемдескеніміз сол телефон қоңырауы қатар естілді. «Он сөзің күні республикалық олимпиада болатын еді. Мақсұтты жіберсек бола ма?..» Орта жастағы кісінің дауысы бергі бетке анық жетіп тұр. Кейіпкеріміздің бағы талай бейгеді жаңған. Соны білетін мектеп мұғалімдері қай дода болса да Мақсұтты жіберуді әдетке айналдырыпты. Араға күн сала болатын үш дода. Бұл жолы да көңілге қарай жығылар кендік танытқан кейіпкеріміз барлығына қатысақшы.

Дегенмен дендеп білек сыбанғаны – мұзбалақ ақынның мұшәйрасы. Жақында жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушылары арасында өткізілетін республикалық «Мұқағали Мақатаев оқулары» байқауының аудандық кезеңінде 1-орын иеленіп, Аламесекті жолдама жеңді. Алда асудың биігін көздеген оның бүгінгі дайындығы тынғылықты.

Өлең жаттау машығы Мақсұт Маратұлында балабақша кезден қалыптасты. Анасы Ақтотынның айтуынша, берілген өлең жолдарын үш-төрт қайталаумен жаттап алатын көрінеді. Тіпті шараларда келмей қалған өзге балалардың тақпағын айтып, оқлықтық білдірмей жібереді.

Бастауышта түрлі олимпиадаларға қатысып жүргенімен, оның шын қабілеті анық сезілген шақ – бесінші сынып. «Тіл мерейі – ел мерейі» байқауынан облыстық кезеңнен үшінші орынмен оралғанда ана көңілінде күмән қалмапты. Сирек қонатын қабілет нағашы атасынан. Аламесекті ақсақал ат үстінде жолы радиодан берілген күйді көкейіне тоқып, үйге жеткенде домбырасын қолына алып, естігенін сол қалыпта шертіп шығатын болған деседі. Жігіттің жақсысы нағашысынан дейтін сөз бекер айтылмаса керек. Реті келіп тілдесесіз, жетінші сыныпқа енді қадам басқан оның өрісі кеңдігін қызығасыз. Қатарластары асыр салып ойын қуып жүргенде, ол Абай мен Махамбеттің, Мұхтардың жыр-

ларын жаттап, сөздің салмағын сезініп өсіп келеді. Тарих пен әдебиетті қатар қойып, әр оқиғаның тамырын тереңнен іздейді. Кітаптағы кейіпкерлерді экрандағы бейнелермен салыстырып, өзінше түйін жасайды. Тіпті «Көшпенділер», «Алмас қылыш», «Ұлы дала заңы», «Томирис», «Орбұлақ» сынды фильмдерді қайталап көреді.

– Мақсұт – зеректігімен ерекшеленетін оқушы. Есте сақтау қабілеті жоғары, айтылғанды бірден қағып алады. Сабаққа ұқыпты, тәртіпке берік, айтқанды түсініп, орнымен орындайтын тіл алғыштығы да байқалады. Ең бастысы, бойында нақты мақсаты бар. Сол мақсатына жету жолында ізденуден жалықпайтын, өзін үнемі дамытып отыруға талпынатын жас, – дейді қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Төлжан Сейдалы.

Қай іске болса да бел шеше кірісетін Мақсұт бүгінде бірнеше республикалық байқаудың жеңімпазы болып үлгерді. Алдымыздағы жылы «Рухани болмысты жаңғырту – ұрпақ ұлағаты» атты дәстүрлі облыстық дилмар-шешендер байқауында I дәрежелі диплом бұйырды, сол жылы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің арнайы алғыс хатымен де марапатталды. Қабілет сыйлаған тартумен «Балдырған» лагеріне жол түсіп, Бурабайдың баурайында болып көлді.

Сөз өнерін серік еткен сері жігіт спорттан да хабардар. Үйіргеме қабылданғалы жылға жетер-жетпес уақыт, Мақсұт Қартаңбай дзюдодан кіші жасөспірімдер арасында аудандық ашық біріншілікте 3-орын иеленді.

Кейіпкеріміз қолы қалт етсе, үй шаруасына да қолғабыс. Сұхбатымыз соңына таяған тұста сыртқа асықты. Ауладан әрірек жыңғыл қора. Бергі бетінде жылқы, арғы бетінде сиыр. Қаңылтыр шөлкке су толтырып бола қораға беттеді. Еңбекқорлық бұл шаңырақта дағды ма дедім. Жанына өрген бауыры бір-екі жас кіші болуы керек, есік ашып, еппен көмектесіп жүр. Пысықтау. «Ірі түліктер осында, бордақылаймыз. Жырыма шақты қой-қозы жайылымда». Іле-шала шаруасын да, жайын да таныстырып үлгерді. Ілеу бойында, атауы нәліктен бұлай қызық, неміс құмырсқалар бірінші ізімен бірі ере қозғалады. Құмырсқадай тынымсыз тіршілік.



Бірі қалмай, бірі қалдырмай. Өз алдына бір өлем. Өз өресі. Мұнда да дамыл жоқ. Мұнда да еңбек. Мұнда да мақсат.

Тілдің қадірін ерте таныған кейіпкеріміздің таңдауы мүлде басқа салаға ойысқан. Ол тіс дәрігері болуды армандайды. «Мен үшін бұл тек бір қырым ғана» дейді өзі. Ұлы Абайды тәрбиелеген Зере, Шоқаннның бағытын айқындаған Айғаным болса, кейіпкеріміздің де қағатын тіктей отқан жан – ана болмысы. Он жылдық тәжірибесін жинаған бастауыш мұғалімі – баласының басты ұстазы. Қай жерде тыныс ұстау керек, диққатының маңызын өбден ұғындырған «Басқа шыңирақтың баласы болсам, мүмкін бүгінгі Мақсұт болмас па едім, кім білсін» дейді өзі...

Гүлжан ЕСЖАН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-56  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және реті қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарлауға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №598